

Аналитикалық жазбахат

Жоба авторы: Раимбекова Асем Мамановна

Ғылыми жетекші: Сомжүрек Баубек Жұмашұлы

Жоба идеясы	Қазақстан Республикасының ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес (бұдан әрі- АЖ/ТҚК) жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігіне талдау жүргізу
Күрделі жағдай (кейс)	<p>Магистрлік жұмыс ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес саласындағы заңнаманың құқық қолдану аспектісін талдауға бағытталған. 2022 жылы Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық Топ (ЕАТ) Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚК жүйесін өзара бағалауын өткізеді. ЕАТ Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚК құқықтық және институционалдық жүйесінің ФАТФ-тың белгіленген халықаралық стандарттарына сәйкестігін арнайы ФАТФ-тың методологиясымен бағалайды және жүйенің техникалық сәйкестігі мен тиімділігі рейтингтерін береді. Берілген рейтингтер белгілі бір міндеттемелерді жүктейді, олардың орындалмауы / төмен болуы елімізге қолданылатын экономикалық сипаттағы санкцияларға әкелуі мүмкін.</p> <p>КЖ/ТҚК проблемасы жаһандық сипаттағы өзге де өзекті сын-қатерлермен "көлеңкелі нарық" проблемасымен, есірткі бизнесімен, адам саудасымен және т.б. тығыз байланысты. Осы саладағы қарсы іс-</p>

	<p>қимыл қазіргі заманғы жағдайларда аталған сын-қатерлерге қарсы күрестің алдын алу бағыты ретінде ғана емес, сондай-ақ қаржылық тұтастық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қажетті шарты ретінде де қаралады.</p>
<p>Берілген мәселені қолданыстағы шешу тәсілдері</p>	<p>Аталған мәселені шешу мақсатында Қазақстандық ҚЖ/ТҚҚ жүйесінің техникалық сәйкестігі мен қабылданған нормалардың нәтижелілігін анықтау.</p> <p>Қаржы институттарын үнемі жетілдіріліп, күрделене беретін қылмыстық схемаларға тартылуы, бұл қадағалау органдарының жедел әрекет етуін және нормативтік актілерді толықтыруды талап етеді. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі тиісті қадағалау және осы салада құқық қолдану болып табылады.</p>
<p>Берілген мәселені шешудің ұсынылатын жолы</p>	<p>ҚЖ / ТҚҚ саласындағы отандық заңнаманы талдау нәтижесі ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша пәрменді жүйені құруға кедергі келтіретін бірқатар проблемаларды айқындады, және осы мәселелер бойынша ҚЖ/ТҚҚ заңына толықтырулар енгізуді ұсынудамыз, атап айтқанда:</p> <p>1. 12-Ұсыным. ФАТФ ұлттық жария лауазымды тұлғаларға қатысты 10-ұсынымға сәйкес талап етілетін тиісті тексеру бойынша қаржы ұйымдары</p>

қосымша шараларды қолдануға міндетті болуы тиіс.

- КЖ / ТҚҚ туралы Заңның ұғымдық аппаратына "ұлттық жария лауазымды тұлға» ұғымын енгізу;

- КЖ / ТҚҚ туралы заңда қаржы мониторингі субъектілерінің ұлттық жария лауазымды тұлғаларға қатысты қабылдайтын қаржы мониторингі шараларын айқындау;

- ұлттық жария лауазымды тұлғаларға жататын лауазымдар тізбесі бекіту;

- ұлттық жария лауазымды тұлғалардың отбасы мүшесіне және жақын адам деген түсінік бойынша жататын жақындық тізбесі бекіту.

2. Компаниялардың бенефициарлық иелері туралы ақпаратты алуды және сақтауды талап ете отырып, оларды шынымен иеленетін және бақылайтын компания туралы ақпаратқа ие болу керек, сонымен қатар бұл ақпаратты құқық қорғау органдарына, салық органдарына және басқа да тиісті органдарға, соның ішінде қаржылық барлау бөлімшелеріне, мысалы, орталық тізілімдер арқылы уақтылы беруді қамтамасыз ету қажет-ФАТФ талабы.

Заңды тұлғалар мен құрылымдардың ашықтығын қамтамасыз етудің бір жолы, ол құқықтық тетіктерін жетілдіру болып табылады. ФАТФ-тың 24-ұсынымы "Заңды тұлғалардың ашықтығы және

	<p>бенефициарлық иелері" талаптарын орындау мақсатында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - заңды тұлғаларды тіркеу кезінде және қаржы мекемелерімен іскерлік қатынастардың басында заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелері туралы ақпарат алу мақсатында арнайы толтыру нысандарын белгілеу және Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында бенефициарлық меншік иелері бойынша талап енгізу; - барлық құзыретті органдар үшін заңды тұлғалар, олардың құрылтайшылары және бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратқа уақтылы бір көзден қол жеткізу жолың қарау; - коммерциялық ұйымдардың тиісті мемлекеттік органды өзінің бенефициарлық иелері туралы, оның ішінде иелерінің өзгерістері туралы дереу хабардар етуге міндеттеу, - коммерциялық ұйымдардың өздерінің бенефициарлық иелерінің құрамындағы өзгерістер туралы ақпаратты уақтылы жібермегені үшін әкімшілік жазалау шараларын көздеу. <p>3. Қазақстанның халықаралық міндеттемелерін тыянақты орындау мақсатында, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің арнайы қарарлары бойынша мәжбүрлеу шараларын уақтылы қамтамасыз ету үшін, ҚР Сыртқы істер министрлігінің бастамасымен арнайы механизм жүйесі ретінде құқықтық қамтамасыз етілуі бойынша жұмыс жасалуы қажет.</p>
<p>Күтілетін нәтиже</p>	<p>Біздің ұсынып отырған шаралар, Қазақстандық КЖ/ТҚҚ жүйесінің</p>

	<p>күшейюіне сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің нәтижелі құралдарының пайда болуына әсер етеді.</p>
<p>Әдебиеттер</p>	<p>Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясатының тұжырымдамасы;</p> <p>Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары;</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" жолдауы;</p> <p>"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Қазақстан Республикасының Заңы;</p> <p>ФАТФ халықаралық стандарттары;</p> <p>ФАТФ ұсынымдарына АЖ/ТҚҚ жүйелерінің сәйкестікті бағалау әдіснамасы;</p> <p>БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі қарарлары және т.б. жатқызуға болады.</p>